

Сапарбек Еспенбетовке көше атын беру туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігі Шолаққорған ауылы әкімінің 2010 жылғы 22 желтоқсандағы N 151 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 24 желтоқсанда N 14-12-107 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес және ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып 2010 жылғы 9 желтоқсандағы жалпы жиналысының хаттамасы негізінде **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Шолаққорған ауылының жаңа атауы жоқ көшесіне ауданға еңбегі сіңген азамат Сапарбек Еспенбетовтің аты берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау бас маман іс басқарушы Т.Шайдазимовқа жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Ауыл әкімі

М.Аскаров